

КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІН 55 МЛН ТОННАҒА ЖЕТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА. ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒДАРЫН ДАМУҒА ДА ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРЫЛП ОТЫР. 2026 ЖЫЛЫ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛДАРДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІН 343,6 МЛН ТОННАҒА ДЕЙІН ЖЕТКІЗУ ЖОСПАРЛАНҒАН. БҮЛ САЛАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП, ЕЛДІҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН ОДАН ӘРІ АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Жәнібек ТАЙЖАНОВ,
Қазақстан Республикасы Көлік вице-министрі



№16 (3163)
03/03/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ

Ақтөбеде алдағы республикалық референдумның ережелерін түсіндіру бойынша ауқымды кездесу өтті. Лауазымды тұлғалардың қатысуымен өткен іс-шарада мемлекет дамуының стратегиялық бағыты ретінде конституциялық реформалардың мазмұны талқыланды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин спикерлік еткен талқылауға «Әділ және прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» жалпұлттық коалициясының өкілдері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, облыс әкімі Асхат Шахаров, сондай-ақ Ақтөбе теміржол бөлімшесі мен Ақтөбе рельс арқалық зауытының еңбек ұжымдары қатысты.

Мемлекеттік кеңесші теміржол саласы қызметкерлерінің ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды рөлін атап өтті. Ол Негізгі Заңның жаңартылған редакциясының жобасы мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағдарлануын күшейтетінін, еңбек құқықтарын қорғауды қосымша кепілдіктерін бекітетінін және еңбек адамның мәртебесін арттыратынын алға тартты.



Қорытындылай келе, кездесуге қатысушылар Конституцияға ұсынылған өзгерістер мемлекеттің азаматтар алдындағы жауапкершілігін нығайтуға және елдің ұзақ мерзімді дамуы үшін берік құқықтық негіз құруға бағытталғанын атап өтті. Соңында «сурақ-жауап» форматында ашық диалог болды.

Мәртебелі қонақтар Ақтөбе

рельс арқалық зауытын аралап көріп, отандық өнім өндірісімен танысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов өңірдегі теміржолшы ардагерлермен кездесіп, сала дамуына қосқан өлшеусіз еңбектеріне алғыс айтты. Қазақ теміржолының тарихын жасаған майталмандарды марапаттаған компания басшысы:

«Сіздердің тәжірибелеріңіз – біз үшін ең бағалы қазына», – деді.

Ақтөбе ЖТ бөлімінің басшысы Бөріхан Беркімбаев аймақ теміржолының бүгінгі жағдайы мен алдағы жоспарлары жайында баяндады. Теміржол инфрақұрылымын жаңарту, жүк тасымалының тиімділігін арттыру және әлеуметтік мәселелерді шешу бағытындағы жұмысқа тоқталды.

ВНИМАНИЕ – ПАРОМНОМУ СООБЩЕНИЮ



На сегодня порядка 90% грузов из порта Курык направляется в Баку для дальнейшей отправки на международные рынки.

Об этом сообщалось в рамках встреч руководства ТОО «Порт Курык» во главе с генеральным директором Еркінөм Нығметовым с представителями ООО «Бакинский международный морской порт», ЗАО «Азербайджанское Каспийское морское пароходство» и транспортно-коммуникационного холдинга AZCON.

В ходе переговоров стороны обсудили развитие паромного сообщения между портами Баку и Курык, отметив его важность для устойчивых логистических цепочек. В настоящее время большая часть грузов, отправляемых из порта Курык, следует в Баку, а оттуда на международные рынки. В связи с этим особое значение имеет скоординированная работа и укрепление партнерства с азербайджанской стороны, отмечают в Курыке.

По итогам переговоров гости из Азербайджана посетили производственные и портовые объекты, отметив высокую технологичность и слаженность всех служб.

Роман ЛЮБИМОВ

ДАСТҮРЛІ ФОРУМ ӨТЕДІ



Астанада биыл 2-3 сәуірде Қазақстан машина жасаушыларының ХШ форумы өтеді. Қазақстан машина жасаушыларының форумы – мемлекет пен бизнес арасындағы негізгі диалог алаңы. Мұнда машина жасау саласы мен өңдеу өнеркәсібін дамытудың тұжырымдамалық бағыты қалыптастырылады.

Тура бір айдан кейін өтетін форум аясында мемлекеттік өнеркәсіптік саясат тетіктері, импортты алмастыруды ынталандыру шаралары, технологиялық жаңғырту және отандық өндірістердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері талқыланады. Форумға 1 000-нан астам адам, оның ішінде 20-дан астам елден келген мемлекеттік органдардың өкілдері, бизнес-қоғамдастық, ірі тұтынушылар мен машина жасау өнімдерін өндіруші жетекші компаниялар қатысады деп жоспарлануда.

Форум аясында 2026 жылғы 1-3 сәуір аралығында «ЕХРО» халықаралық көрме орталығында машина жасау саласының әртүрлі бағыттарына арналған заманауи технологиялар, жаңдықтар мен шешімдер ұсынылатын «KAZAKHSTAN MACHINERY FAIR 2026» халықаралық мамандандырылған көрмесі өтеді. Іс-шара бағдарламасы мен қатысушыларды тіркеу Қазақстан машина жасаушыларының одағы сайтында www.smkz.kz сайтында қолжетімді.

Ұлан ОРАЗ

НУЖНА ДУБЛИРУЮЩАЯ МАРКИРОВКА



На китайские колеса для вагонов, обрабатываемых на пространстве 1520, будет наноситься дублирующая маркировка. Такие меры позволят исключить необоснованные задержки поездов.

На рассмотрение комиссии вагонного хозяйства Совета по железнодорожному транспорту стран СНГ вынесен вопрос дополнительной идентификации цельнокатаных колес производства КНР. Причиной для такого решения стали случаи остановки грузовых вагонов из-за нечитаемой или неразличимой маркировки и приемочных клейм на колесах, сообщает «РЖД Партнер».

Представители Белорусской железной дороги предложили ввести обязательное нанесение дублирующей маркировки на торцевую поверхность ступицы в соответствии с пунктом 6.20.3 ГОСТ 10791-2011 «Колеса цельнокатаные. Технические условия».

Эта техническая мера направлена на снижение простоев и повышение прозрачности идентификации подвижного состава на пространстве 1520.

Китайские колесные пары активно используются на сети 1520. Использование китайской продукции, включая колеса и кассетные подшипники, помогает закрывать дефицит компонентов на рынке.

Любовь РОББА

Актуально

TMTM НА ФОРУМЕ В ГЕРМАНИИ

Инвестиционный форум Kazakhstan Investment Day прошел во Франкфурте-на-Майне, объединив около 200 делегатов – представителей госорганов, финансовых институтов и крупных немецких концернов. Одной из ключевых тем стало обеспечение устойчивости глобальных транспортных артерий, где в современных геополитических условиях особое значение приобретает Транскаспийский международный транспортный маршрут (TMTM).

В рамках панельной дискуссии, посвященной инновационности, критическому сырью и логистике, масштабный потенциал этого маршрута представил заместитель генерального директора по логистике KTZ Express Айбек Қапар. В своем выступлении он акцентировал внимание на системной работе, которую проводит АО «НК «ҚТЖ» по превращению TMTM в одну из самых надежных и эффективных транспортных артерий Евразии. Развитие Среднего

коридора происходит за счет модернизации инфраструктуры, расширения международной терминальной сети и цифровизации логистических процессов, включая интеграцию с цифровыми системами терминалов и операторов стран – участниц маршрута. Особое внимание уделяется институциональному развитию маршрута через работу совместного оператора TMTM и расширение партнерской базы на международном рынке.



Грузоперевозки по данному направлению демонстрируют устойчивый рост, что позволяет планировать увеличение объемов

до 600 контейнерных поездов в этом году. Для немецкого промышленного сектора и ассоциаций финансового рынка презента-

ция возможностей KTZ Express стала сигналом к расширению инвестиционного присутствия в регионе.

Асель ШАЙХЫНОВА

АЛАШАҢҚАЙДЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТҚАН

Қытайдан Еуропаға Қазақстан арқылы өтетін тауар көлемі артып отыр. Әсіресе көрші елмен шекарадағы Алашаңқай теміржол өткелінің тиімділігі өскен. Алашаңқай теміржол бекетінің техникалық бөлім жетекшісі Чжан Юбиньнің мәліметіне сәйкес, былтыр бұл шекаралық өткел арқылы 29 млн тоннадан астам транзиттік жүк өткен.

Жалпы, Алашаңқай теміржол өткелі Шыңжаң ұйғыр автономдық ауданындағы Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық және тауар айналымының негізгі қақпасы болып саналады. Қазақстанмен шекарадағы өткел Қытайды 21 елмен байланыстырып тұр. Дәл қазіргі кезде Алашаңқай арқылы 128 бағытта жүк тасымалданып жатыр. Соның ішінде Достық станциясы байланыстыратын Қазақстан да бар. Аталған бекет негізгі қабылдау торабы ретінде қызмет атқарады және қазақстандық бағытпен тығыз үйлесімде жұмыс істейді.

– Шекарадағы Алашаңқай теміржол өткелінің тиімділігі артып келеді. Бұл Қытайды Орталық Азия елдері және Еуропамен байланыстырып тұрған солтүстік-батыстағы негізгі күре жол. Жүк тасымалы жылдан жылға көбеюде. Қазір

кеден рәсімдерін оңтайландырып, жүк пойыздарын жөнелту кестесін жүйелеп жатырмыз. Уақыт үнемдеуге оң ықпалын тигізді. Бүгінде темір жол арқылы жөнелтілетін жүк көлемі 5,3 пайызға өсті, – дейді Алашаңқай теміржол бекетінің техникалық бөлім жетекшісі Чжан Юбинь.

Достық және Алашаңқай теміржол станциялары – Қазақстан – Қытай халықаралық көлік дәлізі учаскесінде орналасқан және екі ел арасындағы жүк тасымалы мен транзиттік ағынды қамтамасыз ететін бір-бірімен тығыз байланысты стратегиялық нысандар.

Қазақстан темір жолының Достық станциясы Жоңғар қақпасының етегінде, Ұлы Жібек жолының тарихи бағытында орналасқан. Инфрақұрылымы дамыған станция шекаралық жүк тасымалдарын

тұрақты ұйымдастыруға қабілетті, екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға серпінді қызмет етіп келеді. Қазіргі уақытта Достық станциясында инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған кең ауқымды бағдарлама жүзеге асырылуда. Тасымал процестерін үздіксіз қамтамасыз ету және кептелістердің алдын алу мақсатында жаңа қабылдау және жөнелту паркінің құрылысы жүргізіліп жатыр, сондай-ақ қолданыстағы өткізу желілері кеңейтілуде. Достық пен Алашаңқай станцияларында инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру транзиттік әлеуетті одан әрі арттыруға және Қазақстанның халықаралық көлік-логистика жүйесіндегі стратегиялық ролін нығайтуға айтарлықтай ықпал ететін болады.

Райхан РАХМЕТОВА

СИСТЕМАТИЧЕСКИЙ КОНТРОЛЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МОБИЛЬНЫХ ДИАГНОСТИЧЕСКИХ КОМПЛЕКСОВ ДАЕТ ВОЗМОЖНОСТЬ ОТСЛЕЖИВАТЬ ИЗМЕНЕНИЯ СОСТОЯНИЯ ПУТИ ПОД ВОЗДЕЙСТВИЕМ РАЗЛИЧНЫХ ФАКТОРОВ, ЗАБЛАГОВРЕМЕННО ОБНАРУЖИВАТЬ И ПРОГНОЗИРОВАТЬ ПОТЕНЦИАЛЬНЫЕ ДЕФЕКТЫ, А ТАКЖЕ ОБЪЕКТИВНО ОЦЕНИВАТЬ РЕЗУЛЬТАТИВНОСТЬ ПРОВЕДЕННЫХ РЕМОНТНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В 2026 ГОДУ ПЛАНИРУЕТСЯ ДОВЕСТИ ОБЩИЙ ОБЪЕМ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК ДО

343,6 млн

ТОНН ГРУЗОВ.

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ ПЛАНИРУЕТСЯ ПОСТАВКА

236

ЛОКОМОТИВОВ ДЛЯ ОБНОВЛЕНИЯ И УСИЛЕНИЯ ТЯГОВОГО ПАРКА.

НА СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» БЛАГОДАРИЯ МОБИЛЬНЫМ ДИАГНОСТИЧЕСКИМ КОМПЛЕКСАМ ПРЕДОТВРАЩЕНО

1 887

ИЗЛОМОВ РЕЛЬСОВ В 2025 ГОДУ.



АҚПАРАТТЫҚ ТРЕНИНГ ӨТТІ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл



айлық

Жұмыс ауқымы мен жүктемесі жоғары Тараз станциясында қозғалыс күндіз-түні толастамайды. Тараз – Арыс – Шу – Алматы бағытында жолаушылар және жүк пойыздарының қозғалысын реттеп, сұрыптап отыратын станцияда қауіпсіздік мәселесі қашан да өзекті.



Қауіпсіздікке қатысты ортақ талаптар мен нұсқауларды орындауда ескеретін ережелерді түсіндіру, практикалық тұрғыда кеңес беру мақсатында Тараз станциясының бас инженері Еркін Шардарбеков пен станцияның техникалық кітапханасының бас кітапханашысы Жәнібек Рысбеков станция теміржолшылары арасында «Темір жолдағы қауіпсіз еңбек жағдайлары» атты ақпараттық-тренинг өткізді. Практикалық сабақта теориялық және ақпараттық кеңестер берілді.

– Әрбір маман өзіне жүктелген міндетті орындауда бірінші кезекте қауіпсіз еңбек талаптарын сақтауы керек. Шойын жолдың бойында өндірістік жағдайда орын алған кез келген келеңсіз жағдайдың салдары ауыр соғуы мүмкін, – деген Еркін Амангелдіұлы еңбек қауіпсіздігі нұсқауларына тоқталды.

Ал техникалық кітапхананың бас кітапханашысы Жәнібек Рысбеков әрбір теміржолшыға теориялық, ақпараттық тұрғыда бағыт-бағдар беретін салалық газет-журналдарды таныстырып, жарияланған мақалалар мен сараптамаларға түсінік берді.

Станцияның маневрлік диспетчері Мақсат Абазов маневрлік жұмыстар кезінде естен шығаруға болмайтын еңбек қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқауларды түсіндірді.

– «Назар аудар, жолда адам!» атты айлығы жарияланғалы бері техникалық кітапхана қызметкерлері темір жолдың құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Қауіп-қауіп туралы ескерту, еске салуда медиа кеңістіктің рөлі жоғары. Қазіргі кезеңде ақпарат атаулы әлеуметтік желі арқылы жылдам таралатыны түсінікті. Әйтсе де, газет-журналдарда жарияланған нақты, дәйекті ақпарат мен мәліметке сүйенген жөн. Бір ай ішінде жүргізілген жұмыстар кезінде біз кітапханаға жазғышып алатын салалық басылымдарды тараттық. Ақпарат бердік. Айлық аясындағы жұмыстарды бүгін міне Тараз станциясында қорытындылап отырмыз, – деді бас кітапханашы Жәнібек Есмұратұлы.

Суретті түсірген автор

МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



ТЕХНОЛОГИЯ

Болат жолдың бойында күні-түні жүйткіп жүріп жатқан пойыздардың қауіпсіздігін сақтау үшін жол сапасы жоғары, байланыс бекем, электр желісі мықты болуы маңызды.

Әрине көнермейтін нәрсе жоқ, сондықтан құрылғы-құралдарды жаңартып, жөндеп, реттеп отыру қажеттігі де түсінікті жағдай. Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Амангелді Рахмиденовтің мәліметіне сәйкес, өткен жылдан бері тұзды шөгінділерге ұшыраған учаскелерде электрмен жабдықтау нысандарының сенімділігін арттыру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылыпты. Атап айтсақ, Атырау электрмен жабдықтау дистанциясының 2023-2027 жылдарға арналған жол картасына сәйкес ВЛ-10 кВ АБ ПЭС әуе желісінің 30 темірбетонды бағаны, 30 дана траверс, 300 дана ШФ-10 оқшаулағышы, ШС-20-ға, 45 шақырымдық ПСО сымдары АС-35 сымдарына ауыстырылған. Сондай-ақ әуе электр желісіндегі сигнал беру және блоктаудағы көлденең тіректерді және оқшаулағыштарды ауыстыру жұмыстары да аяқталып, электрмен жабдықтау, сигнал беру және байланыс құрылғылары нормаға сәйкестендірілген.

Сонымен қатар өндірістік жағдайларды жақсарту және еңбекті ұйымдастыру деңгейін арттыру мақсатында мердігер мекемелермен келісімшарт негізінде 1 ғимарат (ЭЧ-4) ағымдағы жөндеуден, 1 ЭЦ посты (ШЧ-9) күрделі жөндеуден өткізілді. Атырау жол дистанциясының өз күшімен Сағыз станциясында жаңа табельдік ғимарат салынып, Боранқұл станциясында табельдік ғимарат жөнделген. Аққыстау, Ганюшкино, Туманное станцияларында орналасқан табельдік ғимараттарға ауыз су құбыры жүргізіліп, Ганюшкино станциясындағы жылу қазандығының құбырлары ағымдағы жөндеуден өткізілді. Сол секілді байланыс саласын модернизациялау бағытында ШЧ-8 Атырау, ШЧ-9 Ақжайық сигнализация және байланыс дистанцияларына қарасты Атырау, Махамбет, Мақат станцияларының Электрлік орталықтандыру кешенінде қызмет ету мерзімі өткен қуат панельдерін ауыстыру жұмыстары, Бейнеу, Исатай станцияларында вокзал ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты вокзал ішінде орналасқан Электрлік орталықтандыру кешенін (Пост ЭЦ) жаңа ғимаратқа көшіру жұмыстары жүргізілген.

ЖҮК ТАСЫМАЛЫНДА – ЖАҢА ТЕПЛОВОЗДАР

Алдағы уақытта Маңғыстау локомотив депосы паркіндегі тепловоздардың жартысынан астамы жаңарады. Қытаймен келісімшарт негізінде депоға отыз шақты локомотив сатып алу жоспарланған. Бүгінге дейін оның он жетісі жеткізіліп, пайдалануға берілді.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Өткен жылғы желтоқсанға дейін жетеуі жеткізілген болса, биыл тағы он данасы алынды. Алғашқы ТЭ36А сериялы қос тепловоз түбекке қазан айында жетіп, екі айлық сынақ мерзімі тағайындалған болатын. Қазір депо шаруашылығында қолданыстағы бұл қытайлық локомотивтер техникалық сипаттамасы бойынша жоғары бағалануда. Сынақтан сүрінбей өткен тепловоздардың екінші легі өткен айда келді. Екі ел арасындағы кедендік бақылаулардан созылуына және жаңа локомотивтердің алдымен

Балқаш депосында аялдауына байланысты түбекке келу уақыты біршама кешеуілдеген.

– Қазір депода ТЭ36А сериялы жаңа 17 локомотив бар. Бұл сериялы тепловоздар жүк тасымалдауға арналған. Бүгінде он машина қолданыста болса, жетеуі депода, оларды эксплуатацияға дайындау жұмыстары жүргізілуде. Жолға шығуға әзірлеу үшін біраз тиісті бақылаудан өткізіп, суын, майын құю дегендей жұмыстары жасалады. Осы процестерді атқаруға қытайлық тепловоз өндіруші зауыттан сегіз маман келген. Барлық процедурасы біткеннен кейін толық дайындығы беріліп,

локомотивтер жолға шығатын болады.

Алғашқы келген екі тепловозды сынақ мерзімінен өткізіп, біздің жолдарда жүруге мүмкіндігін тексеріп көрдік. Бәрі сәтті өткендіктен бұл жолы сынақ мерзімі тағайындалмайды. Жаңа келген локомотивтің барлығын Маңғыстау депосында пайдаланудамыз. Болашақта бәрі ойдағыдай болып жатса, айналым деполарының бәріне қажетіне қарай бөлеміз, – дейді Маңғыстау локомотив пайдалану депосының жөндеуді бақылау бөлімінің бастығы Сәбит Зияев.

Жалпы бүгінде депо паркінде 52 тепловоз бар. Оның 17-сі осы

аталған қытай өндірісінен шыққан тепловоздар болса, 19-ы МК, 11-і ТЭМ2, қалған бесеуі – ТЭМ11А, ТЭ33А сериялы локомотивтер. Ескі тепловоздар қолданыстан шығарылып, орны су жаңа тепловоздармен толығуда.

Сәбит Зияевтің айтуынша, жаңа үлгідегі тепловоздарды жүргізуге өткен жылы деподан төрт машинист оқып келген. Қазір олар осы тұрғыда өзге әріптестерін үйретуде. Тепловоз өндіру зауытымен «ҚТЖ» арасындағы келісімшарт бойынша алдағы уақытта 25 адамды осы тепловоздарды жөндеу мен пайдалануға Қытайда оқыту күтілуде.

Суретті түсірген автор



ҚАР СУЫНАН ҚАУІП БАР



ТАСҚЫНҒА
ТОСҚЫН

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Осы орайда шығыстағы Семей магистральдық желі бөлімшесі қызыл су кесірінен жолдардың шайылуына жол бермеу және үзіліссіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша бекітілген техникалық шаралар жоспары аясында жұмыс жүргізуде.

Биылғы даярлық бұрынғыдан біршама қарқынды. Себебі «Қазгидромет» АҚ-ның ел шығысындағы көктемгі мезгілге жасаған жоспары қауіп шақырады. Су тасқыны мүмкіндігі жоғары бес аймақтың ішінде Абай облысы алғашқы кезекте аталады. Синоптиктер наурыз айы жылы әрі жаңбырлы болады деп болжауда. Жауын-шашын қардың еруін тездетуі мүмкін. Егер күн күрт жылыса, еріген қар суының деңгейі көтеріліп, қауіп күшейеді. Су тасқынына әсер ететін басты фактор – топырақтың қату тереңдігі. Қазір Семей филиалына қарасты аумақтағы тонық тереңдігі 1,5 метрге дейін жетеді. Болжамға сәйкес биылғы көктемде Жарма – Аягөз, Дүйсекең – Ауыл телімдері жоғары тәуекел аймағында тұр.



Әсіресе Аягөз жол дистанциясына қарасты аумақ басты назарда.

Десек те, семейлік теміржолшылар көктемгі тасқынға даярлық өткен күздің соңында бастап кеткен болатын. Мәселен, бүгінгі күнге дейін НЖС-6 бөлімшесіне тиесілі 440 көпір, 368 құбыр мен 181 шақырым арық, 1219 км су арналарын қар мен күзгі лайсанның қоқысынан, мұздан тазарту жұмыстары жүргізілді. Бұл тізімдер алдағы апталарда тағы да толығы мүмкін. Осылайша темір жолға төнер қауіп деңгейі едәуір төмендетілген.

– Ұйымдастыру және техникалық іс-шаралар жоспары бойынша көпірлерді, су өткізгіштерді тазарту; су тасқыны қауіп жоғары

аймақтарға ерекше назар аудару; жолдарды еріген судан қорғау үшін топырақ бөгеттерін нығайту және бұру арналарын жасау мәселесі қолға алынған болатын. Қар көшкінінің және өзендерде мұз кептелісінің алдын алу үшін Әскемен өңірінде бұрғылау және жару жұмыстары жоспарлануда. Сол тәрізді желі бойындағы гидравликалық құрылыстар мен су деңгейлерін бақылау күшейтілді. Локомотив бригадаларына кез келген қауіп туралы дереу хабарлау тапсырылды. Қазіргі күнгі ахуал тұрақты, жағдай толық бақылауда, – дейді бұл ретте Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша азаматтық қорғаныс бөлімінің инженер-технологы Еркін Спанов.

Жалпы, теміржолшылар төтенше жағдайлар басқармасымен бірлесіп қызыл су тасқынының алдын алу үшін қажетті іс-шараларды жүргізуде. Мәселен, аймақтағы 64 елді мекен су басу қаупі жоғары аумаққа жатады екен.

Осы орайда атқарушы биліктің күш салуымен көктемгі су тасқыны кезеңіне күш пен құралдар дайындау, эвакуациялық пункттерді әзірлеу, қар шығару жұмыстарын күшейту, инерттік материалдар мен жанар-жағармай, азық-түлік және дәрі-дәрмек қорын жинақтау жұмыстары басталып кетті. Бұл ретте төтенше жағдайлардың алдын алу үшін құм толтырылған қапшық қорын дайындау міндеті бірінші кезекте. Алдыңғы сапта теміржолшылар қауымы тұр.

Төтенше жағдай туындаса, Семей мен Аягөз станцияларынан 5 арнайы пойызды жасақтап жолға шығаруға мүмкіндік бар. Мамаңдар болжамынша, жазық аймақтарда су тасқынының шарықтау кезеңі наурыздың ортасы мен сәуірдің соңына дейін созылады. Ал таулы өңірлерде тасқын толқындары наурыз айынан бастап жазға дейін жалғасуы бек мүмкін. Демек, теміржол бойындағы сақтық шараларын күшейту күн тақырыбына шығады деген сөз. Бұл орайда алдағы тәуліктер күн жылынған шақта желі бойында кезекшілік ұйымдастыру ісі қарастырылуда.

Суретті түсірген автор

ТӘРТІП ПЕН ТАЛАП ҮНДЕСТІГІ



ҚАУІПСІЗДІК

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Әскерилендірілген теміржол күзетінің Шиелі атқыштар тобының бастығы Жандос Тармановтың мәліметіне сүйенсек, биылғы екі айда 521 пойыздың 19 103 вагоны күзетке алынып, ерекше жұмыс режимі аясында толық бақылаудан өткізген. Әр құрамның қозғалысын жіті назарда ұстауда. Қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты берілген барлық нұсқаулықтар мен тапсырмалар толық көлемде орындалып келеді.

Темір жол – маңызды нысан әрі аса қауіпті аймақ. Әсіресе адам факторының рөлі айрықша. Осы мақсатта Әскерилендірілген теміржол күзеті мен желілік полиция бөлімшесі қызметкерлері Шиелі кентіндегі жол бойына жақын орналасқан №219 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп оқушыларымен арнайы кездесу ұйымдастырылды.

Әскерилендірілген теміржол күзетінің Шиелі тобының бастығы Жандос Тарманов теміржол қауіпсіздігі оларға сеніп тапсырылған аманат екенін айтады.

– Әр вагон, әр құрам біздің жауапкершілігімізде. Біз тек жүктің сақталуын ғана емес, станция аумағындағы жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз.



Тәулік бойы қырағалық танытып, кез келген қауіптің алдын алуға дайын тұруымыз керек. Тәртіп пен талап үндестігі сақталуы тиіс. Қауіпсіздік мәселесінде әсіресе балаларға бағытталған түсіндіру жұмыстары аса маңызды. Балалар темір жолдың нақты қаншалықты қауіпті екенін толық сезіне бермеуі мүмкін. Сондықтан біз мектептерге барып, ашық әңгіме өткіземіз. Оларға пойыздың тоқтау қашықтығы, жылдамдығы, теміржол маңындағы ойынның қауіптілігі туралы түсіндіреміз. Басты мақсат – олардың сана-

сында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру. Бір баланың өмірін сақтап қалу – біздің ең үлкен жетістігіміз, – дейді Жандос Тарманов.

Аймақ көлемінде өтіп жатқан «Назар аудар, жолда адам!» және «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша ерекше жұмыс режимі» айлықтары шеңберінде де кешенді іс-шаралар қолға алынған. Бұл бастамалардың түпкі мақсаты – әр азаматтың темір жолдың аса қауіпті аймақ екенін терең түсінуіне ықпал ету.

Суретті түсірген автор

Конференция

В ОТКРЫТОМ ДИАЛОГЕ

В Алматы прошла ежегодная конференция Казахской ассоциации перевозчиков и операторов вагонов (контейнеров) и Ассоциации национальных экспедиторов Республики Казахстан, объединившая представителей транспортно-логистического рынка, операторов вагонов, экспедиторских компаний и отраслевых экспертов.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Мероприятие стало профессиональной площадкой для обсуждения актуальных вопросов развития железнодорожных перевозок, взаимодействия операторов подвижного состава и экспедиторского сообщества, а также повышения эффективности логистических процессов. Участники рассмотрели текущую ситуацию на рынке грузоперевозок, вопросы тарифообразования, оборота вагонов и совершенствование нормативной базы, где главной темой стали регулирование, конкуренция и устойчивость перевозок в условиях трансформации рынка.

Генеральный директор КазАПО Салтанат Адамбаева рассказала о роли конструктивного диалога как ключевого фактора устойчивого развития транспортного рынка Казахстана. По ее словам, современный транспортный сектор развивается в условиях высокой конкуренции, цифровой трансформации и растущих требований к безопасности и качеству услуг. В такой среде особенно важно выстраивать открытое и профессиональное взаимодействие между государственными органами, бизнесом, ассоциациями и потребителем.

Салтанат Адамбаева подчеркнула, что конструктивный диалог позволяет своевременно выявлять системные проблемы, совместно разрабатывать эффективные решения и формировать прозрачные правила игры на рынке.

В режиме online председатель Комитета железнодорожного и водного транспорта Министерства транспорта РК Нуржан Кельбуганов рассказал о стратегической роли транспортной отрасли в наращивании транзитного потенциала и обеспечении экономической устойчивости страны, о необходимости предсказуемых и прозрачных правил для участников рынка.

Генеральный директор СТК «Kazlogistics» Канат Альмагамбетов сделал акцент на ключевых вопросах, требующих системного решения для раскрытия транзитно-транспортного потенциала страны. Отдельно остановился на вопросах внедрения и использования навигационных пломб при осуществлении транзитных перевозок. Данная технология позволяет в режиме реального времени отслеживать перемещение груза, минимизировать риски несанкционированного вскрытия и обеспечивать контроль соблюдения маршрута. Это особенно актуально в условиях роста транзитных потоков и необходимости

сокращения времени доставки.

В ходе встречи говорилось и о необходимости выстраивания системного взаимодействия в Министерстве транспорта, собственниками инфраструктуры и владельцами вагонного парка для комплексного развития транзитно-транспортного потенциала. Как было отмечено, только через постоянный конструктивный диалог между государством и бизнесом возможно выработать согласованные решения, которые обеспечат устойчивость отрасли, рост транзита и укрепление позиций ключевого транзитного хаба.

По итогам конференции обозначены приоритетные направления совместной работы КазАПО и АНЭК, направленные на повышение конкурентоспособности казахстанского транспортного комплекса. По мнению участников конференции, проведение подобного мероприятия подтверждает стремление к консолидации усилий, формированию прозрачного и устойчивого рынка перевозок, а также развитию партнерства между бизнесом и государством.

Под занавес встречи состоялось награждение компаний, сотрудников АНЭК и КазАПО по итогам работы в 2025 году.

Фото автора



К БЕСШОВНОМУ ПРОСТРАНСТВУ

Любовь РОВБА,
Астана



ЦИФРОВИЗАЦИЯ

Совет Евразийской экономической комиссии утвердил Дорожную карту для реализации Концепции по совершенствованию взаимодействия интеллектуальных транспортных систем стран ЕАЭС.

Документ предусматривает конкретные мероприятия по организации взаимодействия интеллектуальных транспортных систем (ИТС) стран ЕАЭС, а также внедрению передового опыта их создания. Взаимодействие ИТС будет обеспечиваться в рамках функционирования Интегрированной информационной системы ЕАЭС (ИИС Союза).

– В планах – определение перечня базовых сервисов, разработка форматов обмена данными, создание нормативной базы и практическая организация взаимодействия, – отметил министр по энергетике и инфраструктуре Евразийской экономической комиссии Арзыбек Кожошев.

Взаимодействие интеллектуальных транспортных систем стран ЕАЭС позволит создать единое информационное пространство, на котором перевозчик будет получать стандартизированную информацию о погодных условиях, дорожно-транспортных происшествиях и т.д.

– Учитывая разный уровень внедрения ИТС в наших государствах, крайне важно создать бесшовное цифровое пространство ЕАЭС, – считает Арзыбек Кожошев.

СЛЕДИТЕ ЗА СВОИМИ ЖИВОТНЫМИ!

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск



БЕЗОПАСНОСТЬ

На перегоне Уральск-Товарный – Кардон во время совместного рейда линейного отдела полиции с работниками Уральской дистанции пути был выявлен факт выпаса скота в защитной полосе железной дороги. К владельцу применены санкции.

Следует отметить, что на данном участке пути нередко замечаются машинистов по поводу бесхозного скота и были случаи экстренных торможений. В частности, в декабре 2025 года было три экстренных и два служебных торможения, в январе этого года – одно экстренное торможение. Конечно, можно отмахнуться, мол, единичные случаи, но это только на одном маленьком участке пути.

Работники Уральской дистанции пути (ПЧ-1) и линейная полиция давно пытались поймать нарушителей, и вот, наконец, это произошло. В рамках месячника «Внимание, человек на пути» были организованы совместные с ЛОП по станции Уральск рейды в таких вот проблемных местах. Дорожным мастером 6-го линейного участка Маликом Джумалиевым и дорожным мастером бригадиром 6-го линейного участка ПЧ-1 Амиром Сапаргалиевым совместно с инспектором службы капитаном полиции Лаурой Азизовой, инспекторами административной полиции ЛОП старшим лейтенантом полиции Ардаком Каикыбасовым и лейтенантом полиции Адилгереем Есиркеповым были выявлены конохи, пасшие лошадей на защитной полосе железной дороги. На установленном владельца скота составлен протокол по части 1 ст. 559 Административного кодекса РК, предусматривающий штраф в размере 5 МРП (21 625 тенге в 2026 году), в случае повтора нарушения – 10 МРП.

Фото автора



РАБОТАТЬ ПО ПРИНЦИПАМ ESG



ИТОГИ

Дочерняя компания КТЖ – АО «KTZ Express» подвело итоги реализации принципов ESG (Environmental, Social, Governance – экологическое, социальное и корпоративное управление) за 2025 год. ESG-подход является неотъемлемой частью стратегии устойчивого развития компании и отражает ее ответственность перед обществом, окружающей средой и заинтересованными сторонами.

Жаныбек КЕНЕС,
Астана

За год KTZ Express в рамках внутренней оценки ESG-факторов ориентировалось на 12 из 17 Целей устойчивого развития Организации Объединенных Наций, соотнося реализуемые инициативы с международной повесткой устойчивого развития.

Социальный блок ESG традиционно остается одним из приоритетных направлений деятельности компании. В 2025 году работники KTZ Express, включая филиалы и дочерние организации, направили на благотворительные цели 2,3 миллиона тенге за счет собственных средств, поддержав инициативы по решению социальных вопросов.

Особое внимание уделяется вопросам охраны труда и благополучия персонала. По итогам года в филиалах и дочерних организациях KTZ Express не было допущено случаев производственного травматизма, что подтверждает системный подход к обеспечению безопасных условий труда.

Компания последовательно инвестирует в развитие человеческого капитала. В течение года обязательное корпоративное обучение прошли 805 работников, еще 104 специалиста прошли подготовку, переподготовку и повышение квалификации, и

10 работников включены в молодежный кадровый резерв АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Компания придерживается принципов равных возможностей и инклюзивности, обеспечивая доступную рабочую среду и создавая условия для профессиональной реализации сотрудников с дополнительными потребностями. Обеспечивается сбалансированное представительство в органах управления: по состоянию на конец 2025 года в состав управления входили семь человек, из них пять мужчин и две женщины. При этом женщины возглавляют 7 из 16 департаментов компании, формируя управленческую команду на основе профессиональных компетенций и равных карьерных возможностей.

Экологическая повестка является важной составляющей ESG-стратегии. В 2025 году объем выбросов загрязняющих веществ KTZ Express составил 9,8 тонны, что в пять раз ниже установленного допустимого уровня.

В рамках рационального использования природных ресурсов функционирует система накопления дождевой воды для поливных работ. За отчетный период было накоплено 120 м³ дождевой воды в соответствии с утвержденным планом.

Также KTZ Express внедряет практики

ответственного потребления и обращения с отходами. В 2025 году на переработку было передано 420 килограммов макулатуры и 43 килограмма пластика, а также сдано 1 569 пластиковых и алюминиевых бутылок через фандоматы. За вклад в развитие экологической ответственности компания получила знак участника проекта Smart Plastic Zone.

В рамках мер по борьбе с изменением климата в 2025 году было высажено около двух тысяч деревьев и кустарников, а также утилизировано 40 килограммов люминесцентных ламп в соответствии с экологическими требованиями.

В области корпоративного управления последовательно развивается взаимодействие с профессиональным сообществом и государственными институтами. Компания является членом Совета по устойчивому развитию при Национальной палате предпринимателей РК «Атамекен» и принимает участие в формировании и продвижении национальной повестки устойчивого развития.

Следование принципам ESG остается для компании стратегическим ориентиром, направленным на повышение эффективности деятельности, снижение нефинансовых рисков и создание долгосрочной ценности для партнеров, работников и общества в целом.

МАГИСТРАЛЬ ГОТОВА К ВЕСНЕ



ПАВОДОК

В Акмолинском отделении магистральной сети завершается комплексная подготовка к весеннему паводку. По состоянию на 26 февраля 2026 года сформированы противоразмывные поезда, заключены договоры на взрывные работы, ведутся очистка русел рек и круглосуточный мониторинг гидротехнических объектов. Железнодорожники работают на опережение, чтобы обеспечить бесперебойное и безопасное движение поездов в период активного снеготаяния.

Подготовка ведется в соответствии с Приказом № 20-ЦЗ от 20 января 2026 года и Приказом № 59 НОД ГП-1 от 21 января 2026 года. Одним из ключевых мероприятий стало формирование четырех противоразмывных поездов общей численностью 24 вагона. В их составе – 4 крытых вагона для инструмента и инвентаря и 20 платформ с рельсовыми пакетами, камнем (200 м³) и некондиционными железобетонными шпалами.

Каждая дистанция пути – ПЧ-14, ПЧ-15, ПЧ-17 и ПЧ-20 – обеспечила по шесть вагонов. Поезда дислоцированы на станциях Жана-Есиль, Кокшетау, Астана

и Атбасар. Такая расстановка позволяет оперативно реагировать на возможные размывы и подтопления.

В границах отделения находится 788 искусственных сооружений для пропуска водотоков: 417 мостов, 363 трубы и 8 лотков. В настоящее время проводится их вскрытие от снега и проверка технического состояния.

Особое внимание уделено мосту через реку Жабай на 580-м километре перегона Атбасар – Адыр. Заключен договор на проведение взрывных работ по дроблению льда объемом 595 килограммов взрывчатых веществ. При необходимости это



позволит оперативно устранить ледяные заторы. В марте на опорах Красивый – Казахский – ОП-80 будут установлены три видеок-

меры с передачей изображения в онлайн-режиме.

Продолжаются работы и на 652-м километре, где под желез-

нодорожным мостом через реку Колутон проводится очистка русла. В них задействованы работники ПЧ-20, ШЧ-17, ЭЧ-10 и СМО Курорт-Боровое – всего 26 человек. Уже выполнена вырубка деревьев, кустарников и камыша на площади 12 тысяч квадратных метров. Дополнительно акимат Астраханского района привлечет технику подрядных организаций для углубления и расширения русла реки вблизи моста.

Параллельно ведется масштабная работа по очистке путей от снега. На перегонах очищено более 4 064 километров при участии 36 снегоочистительных машин, на станционных путях – 122 860 кубометров снега (113 единиц техники, выполнен 491 рейс выгрузки).

К работе привлечены 27 047 работников первой очереди и 317 – второй очереди готовности. Кроме того, на восьми станциях – Астана, Сороковая, Акколь, Атбасар, Курорт-Боровое, Кокшетау-1, Жана-Есиль и Ашиголь – организована заготовка по 500 мешков с песчано-гравийной смесью для

оперативного использования в период пропуска талых вод.

Как отмечают в отделении, важную роль играет постоянное взаимодействие с департаментами по чрезвычайным ситуациям Акмолинской, Северо-Казахстанской областей и города Астаны. Наложена оперативная связь и обмен информацией через единые диспетчерские службы.

– Наша задача – не допустить сбоев в движении поездов и обеспечить безопасность инфраструктуры. Все мероприятия выполняются в плановом режиме, техника и люди готовы к любому развитию ситуации, – подчеркнул директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» Артур Кизатов.

Весна традиционно испытывает железнодорожников на прочность. Однако системная работа, четкое взаимодействие служб и готовность к оперативным действиям позволяют встречать паводковый период во всеоружии. Магистраль остается под надежной защитой профессионалов.

Руслан РАХМЕТОВ

Юбилей

Свой 90-летний юбилей отмечает заслуженный ветеран отрасли Калым Мухаметжанов. За годы добросовестной работы он внес значительный вклад в развитие железнодорожного транспорта, проявляя высокий профессионализм, ответственность и преданность делу.



ПУТЬ – ИСТОЧНИК ВДОХНОВЕНИЯ

Специалист высокого класса, он отличается скромностью и глубокой внутренней культурой. Даже при первом знакомстве к нему невольно проникаешь уважением. Калым Мухаметжанов – из рода Масановых, славу которому принесла династия железнодорожников. Сам он и младший брат носят фамилию по имени отца – Мухаметжана. Родился в 1936 году в селе Айжайлыу Жарминского района Семипалатинской области. После окончания школы поступил в Ташкентский институт инженеров транспорта на строительный факультет. По распределению был направлен в Семипалатинское отделение Казахской железной дороги.

Работая дорожным мастером, он в совершенстве освоил труд путейца. И сегодня помнит особенности каждого километра, пикета и звена пути – как устранили перекосы, регулировали стыки, добиваясь надежности и увеличения отличных километров. Глубокие знания участка, внимание к деталям и искренняя забота о состоянии пути отличали его на протяжении всей службы.

В январе 1966 года Калым был назначен начальником Аязгусской дистанции пути, где проработал три года, приобрел ценный управленческий опыт. По его убеждению, сила путейцев – во взаимопонимании, сплоченности и готовности поддержать друг друга.

В 1969 году его пригласили главным инженером службы пути Казахской железной дороги, а в 1972-м он стал заместителем начальника службы пути, проработав в этой должности до реорганизации дороги. Принимал участие в строительстве и вводе линий Гурьев – Аксарайская, Балхаш – Саяк, вторых путей Целиноград – Экибастуз, Жарык – Монинты, усиления линии Гурьев – Кандагач. Курировал строительство и приемку объектов путевого хозяйства, эксплуатацию Жоламанского шебзава на станции Малай-Сары, рельсоварочного поезда № 41 станции Курорт-Боровое для сварки бесстыкового пути. Контролировал текущее содержание пути, работу путевых машин, подготовку хозяйства к зиме и вопросы обучения кадров.

В 1977 году он возглавил службу пути Алма-Атинской железной дороги, где проработал более девяти лет.

В 1986 году Калыма Мухаметжановича пригласили в аппарат отдела транспорта и связи Управления делами Совета Министров Казахской ССР. Он курировал транспортное строительство на Целинной, Западно-Казахстанской и Алма-Атинской железных дорогах, а также работу строительных трестов Минтрансстроя Союза.

В 1988 году вернулся на Алма-Атинскую железную дорогу и занял должность начальника дорожного центра научно-технической информации. Под его руководством велась электрификация участка Шу – Арысь, строительство вторых путей Арысь – Туркестан. В ноябре 1989 года был избран заместителем председателя Дорожного комитета профсоюза (Дорпрофсоюз) Алма-Атинской железной дороги. В центре внимания находились социально-бытовые вопросы: развитие сети магазинов и общепита на линейных точках, строительство детских садов, школ, клубов и стадионов. Особое внимание уделял вопросам труда и техники безопасности, контролю выполнения Коллективного договора.

Были в его биографии и годы работы в Центральной лаборатории пути, где он успешно сочетал практический опыт и современные подходы.

За заслуги в развитии железнодорожного транспорта Калым Мухаметжанов награжден знаком «Почетный железнодорожник», медалью «За трудовую доблесть», Почетной грамотой Президиума Верховного Совета КазССР, медалью «Ветеран труда».

Для него железная дорога стала делом всей жизни, требующим точности, ответственности и полной самоотдачи. Благодаря таким специалистам обеспечивалась безопасность движения поездов и стабильная работа магистрали. Недаром коллеги называли его «великим путейцем» – мастером, преданным своему делу и профессии.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

МАҚСАТ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Семей магистральдық желі бөлімшесі «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында жыл басынан бері елеулі іс-шаралар өткізді.



Мәселен, жуырда бөлімше қызметкерлері Абай өңірлік көлік прокуратурасымен бірлесіп теміржолшылардың құқықтық мәдениетін арттыру жолында Шар станциясында «Заң керуені» республикалық акциясын өткізді.

Аталған акцияның мақсаты – теміржолшылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сала қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ еңбек заңнамасын бұзушылықтарының алдын алу.

Семей филиалы бастығының бірінші орынбасары Ғабит Есқожановтың төрағалығымен өткізілген іс-шара аясында «Қамқор Локомотив» ЖШС, ТД-17 айналым депосының машинистері мен олардың көмекшілері, вагон шаруашылығы және Шар станциясы еңбек ұжымдарының сұрақтарына заңнама аясында жауап беріліп, құқықтық түсіндірмелер жүргізілді. Теміржолшылар

қауымы көлік прокуратурасының көкейде жүрген өзекті сауалдарына жауап қана емес, мәселелерді шешу жолында бағыт-бағдар, кеңес те ала алды.

Жалпы, бүгінде Семей теміржолында заң үстемдігін сақтау басты мәселелер қатарында тұр. Бұл ретте қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық алаяқтық, еңбек даулары немесе өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша ха-

барласуға арналған сенім телефоны мен электрондық пошта жұмыс істейді.

– Жалпы, темір жолдағы «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы бұл бірінші кезекте жолаушылар мен жүк тасымалының қауіпсіздігін, көлік инфрақұрылымдарының амандығын және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін негізгі қағидат саналады. Сонымен қатар еңбек қатынастарын реттеп, кейбір даулы мәселелердің өзара шешім табуына да септігін тигізеді. Ал осындай іс-шараларды тұрақты түрде өткізу желі бойындағы заңның үстемдігін нығайтып, теміржолшылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталды, – дейді Семей магистральдық желі бөлімшесінің кадр бөлімінің басшысы Данияр Баймағұлов. Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор

ТӘЖІРИБЕЛІ ТӘЛІМГЕР

Қарағанды вагон пайдалану депосына қарасты Қызылжар станциясының аға вагон қараушысы Бақыт Әбіловтің жұмыс істеп жатқанына отыз жылға таяған. «Адал еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері осынау жауапты да қауіпті кәсіптің ыстық-суығына төзіп, әбден шыңдалған.



«Әке көрген оқ жонар» демекші, Бақыттың теміржолшы мамандығын таңдауына тікелей әкесі ықпал етті деуге болады. Әкесі Рытай Әбілов те теміржол саласында 43 жыл тер төгіп, жасы келгенде зейнетке шығыпты.

– Теміржолшы мамандығы ұқыптылық пен дәлдікті қажет етеді, ал біздің жұмысымыз – вагондардың техникалық жағдайын бақылау және қандай да бір ақау табылып жатса, ағытып алып техникалық қызмет көрсету пунктінде жөндеу жүргізу. Осылайша бізге пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты өте жауапты міндет жүктеледі. Жыл он екі ай Қызылжарға келіп-кетіп жатқан сансыз құрамдардың вагондарын тексеріп, кем-кетігін жөндеп, қозғалыс қауіпсіздігіне өз үлесімді қосамыз, – дейді аға вагон қараушы-жөндеуші.

Иә, күн-түні өтіп жататын сан мыңдаған вагондар Бақыт бастаған бригаданың назарынан тыс қалған емес. Соңғы уақыттарда ара-түра кішігірім ақаулардың табылып жатқаны болмаса, аса апатқа немесе басқалай ауыр жағдайларға әкелетін үлкен ақаулар

кездескен емес. Оның себебін жолаушылар және жүк вагондары парктерінің жылдан жылға жаңаруымен де байланыстыруға болады. Тәжірибелі маман ауысымның аға вагон қараушы-жөндеушісі болуымен қатар өзінен кейінгі жастардың тәлімгері ретінде танымал. Аптаның бір күнін жастарға арнап, өз тәжірибесімен бөлісіп, үйретуден жалыққан емес.

Нұрбек БЕКЕН, Қарағанды
Суретті түсірген автор

УАҚЫТ ҮНЕМДЕЙМІН ДЕП...

Павлодар темір жолында жыл басынан бері 300-ге жуық адам белгіленбеген жерден теміржол төсемін кесіп өткені үшін жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ төрт түліктің жолға шығып кетуі де жиілеген.



Павлодар станциясы Желілік полиция бөлімінің бастығы Қуаныш Әлімбергенов алға тартқан деректерге сүйенсек, 2025 жылы пойыз машинистері 87 рет шұғыл тежегіш басуға мәжбүр болған. Оның үшеуі адамның қатысуымен туындап, соңы қайғылы жағдайға әкелген. Адамдар аспалы көпірлерден өтпей, жолды қысқартып, уақытты үнемдегісі келеді. Мұның соңы темір жолда жарақат алуға немесе өлімге әкеп соғады. Былдың өзінде 295 облыс тұрғыны темір жолдағы қауіпсіздік ережелерін бұзған. Сонымен бірге шойын жол маңына мал жайған 22 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл салынған.

Мұндай оқиғалар қозғалыс кестесінің бұзылуына, жолаушылар мен жүк пойыздарының кешігуіне әкеледі. Ал келтірілген шығын кінәлі тұлғадан, яғни мал иесінен өндіріледі.

Желілік полиция профилактикалық рейдтер мен тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізуде.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ, Астана

Спорт

МОРОЗ И СОЛНЦЕ, ДЕНЬ ЧУДЕСНЫЙ!

Несмотря на очень большую занятость всех работников Уральской дистанции пути по очистке железнодорожных путей от снега, профсоюзный комитет предприятия организовал лыжную прогулку для них и их семей на спортивной базе «Динамо», расположенной на живописных берегах реки Чаган.



Организовали выезд профком Уральской дистанции пути совместно с инструктором-организатором ФСК «Локомотив» Бекзатом Гилмановым и спортивным инструктором Болатом Карлибаевым. Была оказана помощь в подборе лыж и обуви на станции проката, а также тубингов для детей для катания с горки.

Лыжня проложена в Ханской роще – лесном массиве, расположенном между реками Уралом и Чаганом, его притоком. Здесь же обустроена горка, на которой дети катаются с огромным удовольствием и в полной безопасности. Это излюбленное место отдыха уральцев уже более двух веков. В XIX веке именно здесь проходили церемонии возведения в ханское достоинство хана Бокея и последнего хана казахской степи

Жангира. В Ханскую рощу было принято возить всех знатных особ, приезжавших в Уральск. Тут бывали Александр Пушкин, Владимир Даль, Лев Толстой, Владимир Короленко... Все попытки переименовать рощу потерпели крах – для уральцев она остается Ханской и является местом силы. От массовой застройки ее спасает ежегодный пагодок. Рельеф рощи в зимнее время позволяет прокладывать маршруты разной сложности, для всех возрастов и уровней подготовки.

Завершилась лыжная прогулка уральских железнодорожников горячим чаем с выпечкой. Все участники зарядились бодростью и хорошим настроением на всю предстоящую неделю.

Марьяна ПЕРВУШИНА,
Уральск
Фото автора

В Екибастузе прошел первый в этом году турнир по шахматам, в котором приняли участие железнодорожники разных возрастов.

ШАХМАТНЫЙ ДЕБЮТ

В Павлодарском регионе после долгого перерыва стартовала спортивная жизнь. Интеллектуальную игру в городе горняков и энергетиков организовала инструктор по спорту ула Екибастуз Томирис Атымжанова. За разлинованной доской собрались шахматисты разных возрастов и с разным бэкграундом. Турнир получился интересным, участники показали высокий уровень

подготовки, стратегическое мышление и богатый жизненный опыт, что сделало турнир зрелищным.

В итоге первое место занял сотрудник ШЧ-25 Ерлан Жандикеев, второе – у работница ВЧД-16 Чингизхана Амирова, третье место занял Амангельды Ахметшайхов, ВЧД-16.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

ЖІГІТТЕР САЙЫСЫ

Жақында Бейнеу станциясындағы теміржолшылар тоғызқұмалақ пен қол күресінен жарыс өткізді. Спорт нұсқаушысы ұйымдастырған бұл сайысқа бейнеуліктерден бөлек Құрық портынан да қатысушылар келді.



Бейнеу теміржолшыларының спорт түрінен озат, барған жарысынан бос қайтпайтын нәзік жандар да аз емес. Бұл жолы ерлер қол күресі мен тоғызқұмалақтан сынға түсті. Жеңіске жеткен де, жетпеген де риза тамаша ойын болды, – дейді спорт нұсқаушысы.

Жарыс қорытындысы бойынша қол күресінен 80 келі салмақ дәрежесінде күш сынасқандар арасында Құрық портынан

спорт түрінен озат, барған жарысынан бос қайтпайтын нәзік жандар да аз емес. Бұл жолы ерлер қол күресі мен тоғызқұмалақтан сынға түсті. Жеңіске жеткен де, жетпеген де риза тамаша ойын болды, – дейді спорт нұсқаушысы.

Жарыс қорытындысы бойынша қол күресінен 80 келі салмақ дәрежесінде күш сынасқандар арасында Құрық портынан

келген Мейрамбек Арқалықов бірінші орынды жеңіп алды. Бейнеу жол дистанциясының жолшылары Азамат Байжанов пен Сүндет Бердібай 2 және 3-орынды иемденді.

80+ келі салмақ дәрежесінде Бейнеу жол дистанциясының жолшысы Бекболат Дүйсеновке тең келер ешкім болмады. 2 және 3-орынға Бейнеу айналым депосының жігіттері Бақытжан Қожамұратов пен Ринат Орынбасар лайық деп танылды.

Тоғызқұмалақ жарысында құмалақтарды ұяшықтарға үйлестіре бөлуден алдына жан салмаған Маңғыстау вагон пайдалану депосының Нұржігіт Мәлік асқан шеберлігімен топ жарды. 2-орынды Жайлау Жалғасбаев алса, 3-орын Құрық портынан келген Серік Балтабайұлына бұйырды.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі б. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 8 000
Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу күші берілді.